

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/HXBZ3185>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/NPND9907>**Т. И. Какижанова¹, *Ә. Ғ. Сағынбай², А. У. Амирова³**^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Алматы Менеджмент Университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2475-0573>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6861-4904>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3298-6110>*e-mail: sagynbayasel@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУҒА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӘСЕРІ

Қазіргі таңда кедейлік проблемасы еліміздің ең өткір, шешімін әлі таппаған мәселесінің біріне айналууда, соңғы жылдардағы геосаяси көші-қон, табиғи апаттар, табыс теңсіздігінің ашықтығы салдарынан сұрақ одан сайын ушығуда. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кедейлікті төмендетуге кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруларының әсерін талдау. Кедейлікті азайтудағы кәсіпкерліктің рөлін зерттеу бүкіл әлемдегі ғалымдар мен саясаткерлердің қызығушылығының негізгі көзі болды. Өйткені кәсіпкерлік елде жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын көбейту, өндіріс тиімділігін арттыру жаңа инновацияларды енгізу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге көмектеседі. Соның нәтижесінде елдегі кедейлер санының азаюына септігін тигізеді. Бұл зерттеуде кедейшілік көрсеткіші (Адам даму индексі) мен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырулар арасындағы байланысқа кеңінен талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы кәсіпкерліктің кедейлікті азайтуға оң және айтарлықтай әсер ететінін дәлелдеді. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру түрлері кедейлікті азайту бойынша кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі мен мүмкіндіктерін арттырады. Бұл зерттеу тақырып бойынша әдебиеттердегі олқылықтың орнын толтыруға көмектесіп қана қоймай, сонымен

қатар Қазақстан Республикасы үшін экономикалық және әлеуметтік дамудың үлгісі болып табылады. Бұл зерттеу кәсіпкерлік қызмет кедейлікті жоюға және адамның дамуы мен адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсер етеді деген пікірді қолдайды.

Кілтті сөздер: кәсіпкерлік, кедейлік, адам даму индексі, сыбайлас жемқорлық, урбанизация, сауда.

Кіріспе

Кедейлік бүгінгі таңда көптеген халықаралық ұйымдардың назарын аударатын ең басты мәселеге айналған. Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, кедейшілік деңгейі 1985 жылдан 2020 жылға дейін айтарлықтай төмендеді. Дегенмен әлем бойынша COVID-19 пандемия, геосаяси ахуалдар, елдердегі қақтығыстар және және басқа себептерге байланысты кедейлік мәселесі одан сайын айтарлықтай ушығуда. Көптеген жылдар бойы үкімет, халықаралық қаржы институттары және үкіметтік емес ұйымдар әртүрлі елдердегі кедейлер санын азайту және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында ауқымды жұмыс жасауда. Алайда, дамыған, дамушы және артта қалған елдердегі халық санының арақатынасы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Жаһандық көп өлшемді кедейлік индексі (GMPI) 2023 жылы 107 дамушы және артта қалған елдерде 1,3 миллиард адам көп өлшемді кедейлікте өмір сүретінін көрсетті [1].

Кедейшілікпен күресу – қазақ қоғамының ең үлкен және маңызды міндеттерінің бірі. Геосаясаттың және көші-қон қысымының экономикаға әсері Қазақстан Республикасындағы кедейшілік тәуекелін айтарлықтай арттыруы мүмкін. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасындағы орта таптың үлесі 3 пайыздан аспайды, бұл халықтың басым бөлігінің кедейлік шегінен төмен немесе жақын өмір сүретінін білдіреді. 2023 жылы еліміздің кедейлік деңгейі 5,2 % немесе 1 миллион 619 мың адамды құрады. Сондай-ақ кедейшіліктің тереңдігі мен ауырлық индексі сәйкесінше 0,8 % және 0,2 % жетті. Алайда, Дүниежүзілік банктің ресми мәліметтері бойынша елдегі кедейлік деңгейі басқа жоғары мәнге ие – 15,5 %. Бұл кедейлік мәселесі қазіргі қоғамның ең күрделі мәселесіне айналғанын білдіреді [1;2].

Кедейлік ұғымына ғалымдар осы уақытқа дейін өте көптеген зерттеулер жүргізген. Кедейлік мәселесі материалдық жетіспеушілік (тамақ пен баспана сияқты) пен негізгі қызметтерге (денсаулық сақтау және білім беру сияқты) шектеулі қолжетімділікті қамтиды. Ал қазіргі таңда заңсыздық, сенімсіздік және кемсітушілік сияқты абстрактілі жағдайларды да қоса қамтиды. Moradi және басқаларының (2020) пікірінше, осы екі жағдайдың қосындысы кедейліктің жан-жақты көрінісін жасайды. Sutter және басқаларының

(2018) ойынша, «кедейшілік – ақшаның, тауарлардың және қызметтердің жетіспеушілігі» деп есептейді. Ал Morris және басқалары (2023) кедейлікті тұрғын үй, санитария, тамақ, білім беру, медициналық мекемелер, қауіпсіз ауыз су және т.б жетіспеуі, яғни адамның негізгі қажеттіліктерінің қанағаттанбауы ретінде анықтады [3;4;5].

Адам дамуының индексі (HDI) кедейлікті өлшейтін негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде, білім, денсаулық және өмір сүру деңгейін (жан басына шаққандағы ЖІӨ) қамтиды, және кедейлікті бағалаудың ең тиімді өлшемі болып табылады. HDI нөл мен ең жоғары сан - бірге дейінгі дейін мәндерді қабылдайды. Адам дамуы елдің экономикасын жетілдіріп қана қоймай, халыққа білім алу, жаңа дағдыларды меңгеру, өмір салтын жақсарту және салауатты өмір сүруге қажетті ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан эконометрикалық зерттеуде тәуелді айнымалы ретінде кедейліктің бағалау үшін Адам дамуының индексі (HDI) таңдалады [6].

Қазіргі таңда әлемде кәсіпкерліктің жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Shepherd және басқа зерттеушілер (2020) кәсіпкерлікті уақыт пен күш-қуатты инвестициялап, барлық қаржылық, психологиялық және әлеуметтік тәуекелдерге бел буатын және оның орнына байлық алатындай жаңа құндылық жасау үрдісі ретінде анықтайды. Santos және басқалар (2022) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар тәуелсіз шешім қабылдаушы ретінде компанияны басқарады және компанияның қаржысына жеке жауап береді деп бағалаған. Сондықтан банкроттық жағдайда кәсіпкерлер барлық шығын тәуекелін көтеруі керек деп есептейді [7;8].

Ғалымдар кәсіпкерліктің кедейлікті жоюға әсерін зерттеу үшін көптеген зерттеулер жүргізді. Мысалы, Whitacre және басқалар (2019) дамушы елдердегі кедей адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін өзін-өзі жұмыспен қамту және шағын бизнеспен айналысу қалыпты жағдай екенін айтты. Ал Si және басқалардың (2019) ойынша, кәсіпкерлік дамушы елдерде экономикалық өсуге және кедейлікті азайтуға оң әсер етеді деп санайды, өйткені адамдар қолайлы жұмыс таппаған кезде, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандырылады. Демек, кәсіпкерлік кез келген елдің экономикасын дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі екені айдан анық [9;10].

Бұл тұрғыда кәсіпкерлік кедейшілікті жою құралы ретінде қарастырылады. Себебі, кәсіпкерлік елдегі кедейлердің санын азайтуға сеп болатындай, тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысы мен өндірістік әлеуетін арттыру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету және жаңа инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кедейлік деңгейін төмендетуге кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамыту

ынталандыруларының әсерін талдау. Демек, кәсіпкерліктің кедейлік пен табыс теңсіздігіне әсерін анықтау үшін қолданылған эконометрикалық зерттеу келесі гипотезаларды тексереді.

H0: Кәсіпкерлік пен кедейлік арасында маңызды корреляциялық байланыс бар.

H1: Кәсіпкерлік пен кедейлік арасында маңызды корреляциялық байланыс жоқ.

Материалдар мен әдістері

Жоғарыдағы әдебиеттерге шолу негізінде кедейлікті өлшеу үшін тәуелді айнымалы ретінде Адам дамуының индексі (Human Development index - HDI) таңдалды.

Сонымен қатар, адами даму индексінің түсіндіруші айнымалылары ретінде кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру көрсеткіштері қолданылады. Сонымен қатар, сауда және урбанизацияны бақылау айнымалылары таңдалды. Бұл көрсеткіштерді сипаттамалары келесідедей:

Кәсіпкерлік белсенділік - жаңа бизнестің тығыздығы (Бір жылдағы еңбекке қабілетті 1000 адамға (15-64 жас) шаққанда жаңадан тіркелген кәсіпкерлер саны);

Кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру - бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB), сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (CC);

Бақылау айнымалылары - Урбанизация (жалпы халық %), Сауда (ЖІӨ%).

Бақылау айнымалылары (сауда және урбанизация) модельде сәйкес сауда әрекеттерінің мәнділігін растай отырып отырып, регрессияда қарастырылмаған айнымалы ауытқуларын азайту үшін қолданылады.

Регрессиялық талдау үшін мультиколлинеарлық орын алмайтындай сызықтық, логарифмдік және жартылай логарифмдік модельдер қарастырылды. Сол регрессиялық теңдеулер арасынан коэффициенттері мәнді, жалпы сапасы адекватты болатын келесі модельдер (1-2) таңдалынып алынды.

Бірінші модель келесі теңдеу арқылы анықталған:

$$HDI_i = a + b * HBD_i + c * DRSB_i + u_i, \quad (1)$$

мұндағы – NBD – жаңа бизнестің тығыздығы, DRSB – бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны.

Жартылай лагарифмдік модель 2 теңдеу түрінде бағаланды :

$$LOG(HDI_i) = a + b * HBD_i + c * DRSB_i + d * CC_i + f * Trade_i + u_i, \quad (2)$$

мұндағы LOG – натурал логарифм, NBD – өсу деңгейі, DRSB – өсу деңгейі, CC – сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі, Trade- Жалпы сауда.

1-кестеде зерттеу айнымалылары, олардың анықтамалары мен дерек көздерінің тізімі келтірілген.

1 – Кесте Модель айнымалылары мен дереккөздері


Айнымалылар	Анықтама	Дереккөздер
HDI (Адам дамуының индексі)	АДИ – адам дамуының үш негізгі аспектілері бойынша елдің орташа жетістіктерінің жиынтық көрсеткіші: денсаулық, білім және өмір сүру деңгейі.	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының есебі
NBD (Жаңа бизнестің тығыздығы)	Бір жылдағы еңбекке қабілетті 1000 адамға (15-64 жас) шаққанда жаңадан тіркелген кәсіпкерлер саны.	Дүниежүзілік Банктің Мәліметтер Базасы
Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB)	Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны	Doing Business есебі
Сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі (CC)	Мемлекеттік биліктің жеке пайда үшін қаншалықты жүзеге асырылатынын қабылдау индексі. (-2.5 нан 2.5 дейін)	Дүниежүзілік басқару көрсеткіштері
Сауда (Trade)	Жалпы сауда (ЖІӨ %)	Әлемдік даму көрсеткіштері
Урбанизация (UP)	(% of total population)	Әлемдік даму көрсеткіштері
Ескерту: [1;2] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған		

Эконометрикалық зерттеу елдің кедейлік жағдайын өлшеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының 2000-2023 жылдарға арналған адам дамуы туралы жылдық есебіндегі Адам дамуы индексінің тәуелді айнымалысы туралы деректер негізінде жинады.

Кәсіпкерлік белсенділікті, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруды және 2000-2023 жылдар аралығындағы бақылау айнымалыларын қоса алғанда, тәуелсіз айнымалылар бойынша жылдық деректер Doing Business, Дүниежүзілік банк деректері, әлемдік даму көрсеткіштері сияқты басқа дерек көздерінен алынды.

Нәтижелер және талқылау

Адам дамуының индексі (АДИ) кедейлікті өлшейтін көрсеткіш болып табылады. Адам дамуының индексі білім, денсаулық және өмір сүру деңгейін (жан басына шаққандағы ЖІӨ) қамтиды. Төмендегі суретте 2000-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы үшін АДИ көрсеткішінің динамикасы көрсетілген:



1 – Сурет Қазақстан Республикасының 2000-2023 жж. Адам даму индексі (HDI)

Ескерту: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы 1-суреттен көріп отырғанымыздай, график айнымалылардағы өзгерістер әрі қарай зерттеу үшін қолайлы екенін көрсететін айқын, дәйекті және тұрақты уақыт үлгілерін қамтиды. Адам даму индексі 2019 жылға дейін қарқынды түрде өсіп, одан кейін кедейлік деңгейінің бірқалыпты төмендегенін байқай аламыз. Демек, 2019 жылдан бастап қазіргі таңға дейін адам даму индексі HDI күрт төмендеген. Бұндай

төмендеуді 2019 жылы басталған жаһандық COVID-19 пандемиясы дүние жүзіндегі елдердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік өміріне кері әсерін тигізіп, соның салдарынан елдегі кедейлер санының күрт артуымен түсіндіруге болады.

Регрессиялық талдау үшін мультиколлинеарлық орын алмайтындай сызықтық, логарифмдік және жартылай логарифмдік модельдер қарастырылды. Сол модельдердің арасынан коэффициенттері мәнді, жалпы сапасы адекватты болатын келесі модельдер (1-2) таңдалынып алынды.

1 және 2 теңдеулер бойынша бағаланған сызықтық және көрсеткіштік модельдер келесі 2-кестеде келтірілген:

2 – Кесте Results of LS estimation HDI (2000-2023)

	1 модель-results of LS estimation HDI			2 модель – results of LS estimation LOG(HDI)		
Т ә у е л с і з айнымалылар	Coefficient	Std. Er- ror	t-Stat- tic	Coefficient	Std. Er- ror	t-Statistic
NBD	0.0051*	0.0018	2.8348	0.0078	0.002	3.829
DRSB	0.8485***	0.0063	135.58	-0.0016	0.0004	-3.7385
CC				0.00058	0.0002	3.43962
UP				-0.0029	0.0001	-21.302
Trade				-0.0007	0.0003	-2.8282
R-Squared	0.973949			0.990356		
Ескерту: 1) тұрақты коэффициенттер ұсынылмайды; 2) коэффициенттер ***1%, **5%, *10% маңыздылық деңгейінде статистикалық маңызды болып табылады. 3) авторлар құрастырған						

Модель нәтижелерінің түсініктемелерін ашып көрсету үшін, әр айнымалыға жеке-жеке тоқталайық:

Жаңа бизнес тығыздығы (NBD). Кестедегі нәтижелер Қазақстан жағдайында сызықтық та, көрсеткіштік те модель бойынша жаңа бизнес тығыздығы (NBD) адам даму индексіне (HDI) оң әсер ететінін көрсетеді (сәйкесінше, 0.005103 және 0.007780). Бұл фактордың ықпалы тұрақты экономикалық өсу, кәсіпкерлік қызмет түрінің көптігі, тіркелген бизнестің жоғары деңгейі және тиімді мемлекеттік басқару жағдайында орын алады.

Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB). Модель қорытындысы бойынша HDI адам даму индексіне кері әсер ететінін байқауға болады және ол сызықтық та, жартылай логарифмдік те модельдер бойынша да расталған (сәйкесінше, -0.848538 және -0.00163). Демек, барлық елдерде жаңа бизнесті бастау үшін қажетті күндер санының артуы бизнестің басталуына қандай

да бір белгілі кедергілер келтіреді және адамдардың өз бизнесін ашуына демотивация бола алады.

Сыбайлас жемқорлықты бақылау (СС) деңгейінің артуы Адам Дамуының Индексін де (0.00059) арттырады және арасында сызықтық емес байланыс барлығын растайды. Егер елде тиімді басқару жүзеге асып, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендесе, онда бірнеше жаңа кәсіпорындар тіркеледі және көптеген адамдар кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігін пайдаланады. Бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруына және кедейліктің төмендеуіне әсер етеді.

Урбанизация. Қала халқы мен HDI айнаымалысы теріс корреляция бар (-0.00287). Демек, қалалық жерлерде тұратын адамдардың ауылдық жерлердегілерге қарағанда кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мүмкіндіктері мен жағдайлары көбірек. Бұл, өз кезегінде, халықтың табысына айтарлықтай әсер етеді және адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсартады және кедейлердің азаюына ықпал етеді.

Сауда. Раваллион (2006) өз зерттеулерінде елдегі сауданың ашықтығы елдегі іскерлік ортаны жақсартуға және кедейлікті азайтуға мүмкіндік беретіндігін айтқан. Жартылай логарифмдік модель бойынша Қазақстан республикасында сауданың ЖҰӨ-дегі үлес салмағы HDI-ге теріс әсер (-0.00074) ететінін көрсетеді.

Модель нәтижелеріне сәйкес, кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресуге, адамның дамуына және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға айтарлықтай әсері бар. Сондай-ақ, зерттеу қорытындылары Н0 гипотезаны растады, кәсіпкерлік пен кедейшілікті жою арасында тығыз корреляциялық байланыс расталды. Тұтастай алғанда, нәтижелер кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы кедейшілікті төмендетуге оң және елеулі әсер ететінін дәлелдеді.

Қорытынды

Зерттеу мақсаты кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырулардың Қазақстан Республикасындағы кедейлікті азайтуға әсерін талдауға бағытталған. Зерттеу қорытындысы кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресу, адамның дамуы және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер ететінін дәлелдейді. Яғни кәсіпкерлік пен кедейлікті жою арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Демек, бағалау нәтижелері кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы кедейшілікті төмендетуге оң және елеулі әсерін растайды.

Сондай ақ, зерттеуде кәсіпкерлік белсенділікпен қоса, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырушы факторлар да қарастырылды. Бағалау нәтижесі бойынша, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру шаралары, кәсіпкерліктің

тиімділігі мен әлеуетін арттыру арқылы, кедейлікті азайту үшін елеулі ықпал етеді. Мемлекеттік реттеу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қадағалауды жетілдіру кәсіпкерлердің бизнес ашуын жеңілдетеді, сонымен қатар кәсіпкерлік белсенділікті жетілдіру және адам дамуын жақсартуға көмектеседі.

Сонымен қатар, сауданың ашықтығы мен урбанизация да кедейлікке айтарлықтай әсер етеді. Регрессия нәтижесі бойынша мемлекеттік реттеу сапасын арттыру және бизнесті тіркеу үрдістерін жеңілдету қажет екенін көрсетеді. Себебі, бұл шаралар сыбайлас жемқорлық ауқымын азайтса, кәсіпкер құжаттамалық міндеттемелерін орындай алады. Бұған қоса, үкімет білімге инвестиция салу және заңнаманың сапасын арттыру арқылы адамдарды кәсіпкер болуға ынталандыра алады және бұл әрекеттер - елдегі төтенше кедейлікті жоюдың дұрыс қадамдары.

Мақалада зерттеу кедейлік индексі (Адам дамуының индексі) мен кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру арасындағы байланысқа жан-жақты талдау жасалынды. Демек, кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресуге, адам дамуы мен олардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсері бар деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар кәсіпкерлік пен кедейшілікті жою арасындағы тығыз байланысты болуын көрсетеді. Ал кәсіпкерлікті кедейшілікпен күресудің әлеуетті үлгісі ретінде көрсету бұл зерттеудің бірегейлігін сипаттайды.

Осы қорытындыларды ескере отырып, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау және ынталандыру, осылайша кедейлік пен жұмыссыздықты азайтуға ықпал ететін саяси шаралар ұсынылады. Бұл шараларға бизнесті жаңадан бастағандар үшін салық жеңілдіктері, кәсіпкерлік білімге жәрдемдесу, ісін жаңадан бастағандар үшін қолжетімді несиеге қол жеткізуді жеңілдету. Сондықтан бұл зерттеу осы тақырып бойынша әдебиеттердегі олқылықтың орнын толтырып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының үлгісі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 World bank (2023). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2023 – [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (Қаралған күні: 11.08.2024), (ағылшын тілінде)

2 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электронный ресурс]. – URL : <https://stat.gov.kz> (Қаралған күні: 10.08.2024)

3 Moradi, Masoud & Imanipour, Narges & Arasti, Zahra & Mohammadkazemi, Reza. (2020). Poverty and entrepreneurship: a systematic review of poverty-related issues discussed in entrepreneurship literature. World Review of Entrepreneurship, Management and Sustainable Development. 16. 125. <https://doi.org/10.1504/WREMSD.2020.105984>

4 Sutter, Christopher & Bruton, Garry & Chen, Juanyi. (2018). Entrepreneurship as a solution to extreme poverty: A review and future research directions. Journal of Business Venturing. 34. <https://doi.org/10.1016/j.jbusvent.2018.06.003>

5 **Morris, M. H., Soleimanof, S., & Tucker, R.** (2023). Drivers of fragility in the ventures of poverty entrepreneurs. Small business economics, 61(1), 305–323. <https://doi.org/10.1007/s11187-022-00687-6>

6 UNDP, Human Development Report (2024) – with minor processing by Our World in Data. «Human Development Index» [dataset], 2024 – [Электронный ресурс]. – URL: <https://ourworldindata.org/grapher/human-development-index> (қаралған күні: 17.09.2024), (ағылшын тілінде)

7 **Shepherd, D.A., Parida, V., & Wincent, J.,** (2020). Entrepreneurship and poverty alleviation: the importance of health and children's education for slum entrepreneurs. Entrepreneurship theory and practice. <https://doi.org/10.1177/1042258719900774>

8 **Santos, S. C., Costa, S., & Morris, M. H.** (2022). Entrepreneurship as a pathway into and out of poverty: A configuration perspective a configuration perspective. Entrepreneurship & Regional Development, 34(1–2), 82–109. <https://doi.org/10.1080/08985626.2022.2030413>

9 Whitacre, Brian & Meadowcroft, Devon & Gallardo, Roberto. (2019). Firm and regional economic outcomes associated with a new, broad measure of business innovation. Entrepreneurship & Regional Development. 31. 1–23. <https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1630486>

10 **Si, Steven & Ahlstrom, David & Wei, Jiang & Cullen, John.** (2019). Business, Entrepreneurship and Innovation Toward Poverty Reduction. Entrepreneurship & Regional Development. 32. 1–20. <https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1640485>

10.11.24 ж. баспаға түсті.

22.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

11.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Т. И. Какижанова¹, * А. Г. Сагынбай², А. У. Амирова³

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы

³Алматы Менеджмент Университет, Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 10.11.24

Поступило с исправлениями 22.01.25

Принято в печать 11.02.24

ВЛИЯНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА СОКРАЩЕНИЕ БЕДНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В настоящее время проблема бедности становится одной из самых острых, еще не решенных проблем страны, еще больше обостряется вопрос из-за геополитической миграции последних лет, стихийных бедствий, разрыва в неравенстве доходов. Цель исследования-анализ влияния предпринимательской активности и стимулов развития предпринимательства на снижение бедности в Республике Казахстан. Изучение роли предпринимательства в сокращении бедности было основным источником интереса ученых и политиков во всем мире. Ведь предпринимательство способствует созданию новых рабочих мест в стране, повышению доходов населения, внедрению новых инноваций в повышение эффективности производства и улучшению социально-экономического развития страны. В результате это способствует сокращению числа бедных в стране. В этом исследовании был проведен обширный анализ взаимосвязи между показателем бедности (индексом человеческого развития) и стимулами развития предпринимательства. Результаты исследования доказали, что предпринимательство в Казахстане оказывает положительное и существенное влияние на сокращение бедности. Кроме того, виды стимулирования развития предпринимательства повышают эффективность и возможности предпринимательской деятельности по сокращению бедности. Данное исследование не только помогает восполнить пробел в литературе по теме, но и является примером экономического и социального развития Республики Казахстан. Это исследование подтверждает идею о том, что предпринимательская деятельность влияет на искоренение бедности и улучшение человеческого развития и качества жизни людей.

Ключевые слова: предпринимательство, бедность, индекс человеческого развития, коррупция, урбанизация, торговля.

*T. I. Kakizhanova¹, *A. G. Sagynbay², A. U. Amirova³*

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

³Almaty Management University, Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 10.11.24

Received in revised form 22.01.25

Accepted for publication 11.02.25

THE IMPACT OF ENTREPRENEURSHIP ON POVERTY REDUCTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Currently, the problem of poverty is becoming one of the most acute, unresolved problems of the country, the issue is becoming even more acute due to the geopolitical migration of recent years, natural disasters, and the gap in income inequality. The purpose of the study is to analyze the impact of entrepreneurial activity and incentives for entrepreneurship development on poverty reduction in the Republic of Kazakhstan. The study of the role of entrepreneurship in poverty reduction has been a major source of interest for academics and policy makers around the world. After all, entrepreneurship contributes to the creation of new jobs in the country, increasing incomes of the population, introducing new innovations to increase production efficiency and improve the socio-economic development of the country. As a result, this contributes to reducing the number of poor in the country. This study conducted an extensive analysis of the relationship between the poverty index (human development index) and business incentives. The results of the study proved that entrepreneurship in Kazakhstan has a positive and significant impact on poverty reduction. In addition, the types of incentives for business development increase the efficiency and opportunities of entrepreneurial activities to reduce poverty. This study not only helps to fill the gap in the literature on the topic, but also is an example of the economic and social development of the Republic of Kazakhstan. This study supports the idea that entrepreneurial activity has an impact on poverty eradication and improving human development and people's quality of life.

Keywords: entrepreneurship, poverty, human development index, corruption, urbanization, trade.

Теруге 03.03.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4359

Сдано в набор 03.03.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.

Электронное издание

5,04 Mb RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4359

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz